# 2013 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 21 қаңтардағы № 29 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментімен 2013 жылғы 8 ақпанда № 4004 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5) тармақшасына, 20-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысымен бекітілген, Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру ережесінің 6, 7, 8-тармақтарына сәйкес Жангелдин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың нақты орындалған жұмыстарға еңбегіне төленетін ақы аудандық бюджет қаражатынан төленсін.

3. Еңбекақы төлеуге, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мөлшерде әлеуметтік салықты төлеуге және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарға, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының пайдаланылмаған күндері үшін өтемақы төлемдеріне, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға тиесілі жалақы есептеу және төлеу бойынша екінші деңгейдегі банктердің қызметтеріне делдалдық сыйақы төлеуге арналған шығындар жергілікті бюджет қаражаты есебінен өтелетіні белгіленсін.

4. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру "Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі және жұмыс беруші арасында қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалған қоғамдық жұмыстарды орындауға арналған шартта көрсетілген жағдайларда жүргізілсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш.С. Оспановқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

*Аудан әкімі А. Кенжегарин*

*КЕЛІСІЛДІ*

*"Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*______________ Л. Зейнекина*

*Жангелдин ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Коммуналдық шаруашылық кәсіпорны" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры*

*_______________ М. Қалиев*

*"Жангелдин ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы _____________ Д. Бидашев*

Әкімдіктің 2013 жылғы 21 қаңтардағы № 29 қаулысымен бекітілген

## Ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері

| № | Ұйымдардың атауы | Қоғамдық жұмыстардың түрлері | Қоғамдық жұмыстардың көлемі, сағатпен | Қоғамдық жұмыстардың нақты жағдайлары | Еңбегіне төленетін ақы |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 1. Қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Торғай селосындағы жұмыстар:<br>1) әкімдік алаңының, Ш. Жәнібек орталық | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ескерткіштер алаңының маңайын, сондай-ақ балалар ойын алаңын қардан және қоқыстан тазалау;<br>2) Ы. Алтынсарин, Қ. Алтынсары, А. Байтұрсынов, Н.Г. Иванов, С. Мауленов, Кейкі-батыр, Ә. Жангелдин, Дузенов, Токин, Қайнекей, Құлжановтар көшелерін көктемгі қоқыстан тазартуға көмектесу;<br>3) селоның Жасыл ел, Ә.Жангелдин, Жастар, Жеңіс, Ауыл шаруашылығы, К. Алтынсары, Иванов саябақтарында көктемгі ағаш отырғызуға қатысу;<br>4) гүлзарларға гүлдерді отырғызу, оларды жаз кезенінде күту: әкімдік, Ә. Жангелдин, Ш. Жәнібек мұражайы, Ұлылар үндестігі ескерткіші алаңдары, Жастар саябағы мен Жеңіс саябағы;<br>5) Ш.Жәнібек алаңын жаз кезеңінде күнделікті жинау;<br>6) Ардагерлер | 3072<br>2112<br>1760<br>4064 | Қоғамдық жұмыстарға бір | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жангелдин ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Коммуналдық шаруашылық кәсіпорны" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | үйінің аумағын тұрақты жинауға көмектесу;<br>7) Жасыл ел, Жеңіс, Ә.Жангелдин, Жастар, Ауыл шаруашылығы, К. Алтынсары, Иванов саябақтарында отырғызылған ағаштарды жаз кезеңінде күту, суару;<br>8) бұрынғы Аэропорт ғимараты алаңын қоқыстан тазарту;<br>9) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін тазалауға (ақтау, сырлау) көмектесу;<br>10) Торғай өзенінің бойларын қоқыстардан тазарту;<br>11) Дүзенов, Қ. Алтынсары, Қайнекей көшелері және Ш. Жәнібек орталық алаңы бойынша плакаттарды жаңартуға көмектесу;<br>12) "Топжарған" спорт кешенін спартакиада өткізуге дайындауға (арам шөптерден тазарту, қокыс жинау, ақтау, сырлау) көмектесу;<br>13) селоның | 1368<br>1200<br>9144<br>1008<br>880<br>1376<br>504<br>800<br>5080<br>672<br>1680<br>1344 | | қатысушының жұмыс уақытының ұзақтығы– Қазақстан Республика-сының еңбек заңнамасымен ескерілген шектеулерді есепке алып, аптасына 40 сағаттан артық емес, екі демалыс күнімен, бір сағаттан кем емес түскі үзіліспен. | Ең төменгі жалақының |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Ы. Алтынсарин, Қ. Алтынсары, А. Байтұрсынов, Кейкі-батыр, С. Мәуленов, Қайнекей, Дүзенов, Н.Г. Иванов, Ә. Жангелдин, Токин, Құлжановтар, Нұрхан көшелерінде отырғызылған ағаштарды жаз кезеңінде күтуге, суаруға көмектесу;<br>14) селодағы су тарту құбырларын жөндеуге көмектесу;<br>15) село аумағын күзгі санитарлық тазартуға қатысу;<br>16) село орталығында күзгі ағаш отырғызуға көмектесу. | | | 1 , 5 мөлшері |
| | | 2. Қызметкердің алдын-ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Аққөл ауылындағы жұмыстар:<br>1) ауылдағы орталық алаңның, әкімдіктің және негізгі жолдардың аумақтарын үнемі қардан тазартуға көмектесу;<br>2) ауыл аумағын көктемгі санитарлық тазарту;<br>3) көктемгі ағаш отырғызуға көмектесу;<br>4) ауыл | 1 3 9 2<br>3 5 2<br>1 7 6 | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көшелерінде отырғызылған ағаштарды жаз кезеңінде күту, суару;<br>5) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін тазалауға (ақтау, сырлау) көмектесу;<br>6) ауыз су құдықтарын тазартуға көмектесу;<br>7) ауыл аумағын күзгі санитарлық тазартуға көмектесу;<br>8) күзгі ағаш отырғызуға қатысу. | 1 0 1 6<br>1 7 6<br>1 6 8<br>3 5 2<br>168 | | |
| | | 3. Қызметкердің алдын-ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Шеген селосындағы жұмыстар:<br>1) селодағы орталық алаңның, әкімдіктің және негізгі жолдардың аумақтарын үнемі қардан тазартуға көмектесу;<br>2) село аумағын көктемгі санитарлық тазарту;<br>3) көктемгі ағаш отырғызуға қатысу;<br>4) село көшелерінде отырғызылған ағаштарды жаз кезеңінде күту, суару;<br>5) Ұлы Отан | 2 3 2 0<br>3 5 2<br>3 5 2<br>1 0 1 6<br>1 7 6 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін тазалауға (ақтау, сырлау) көмектесу;<br>6) ауыз су құдықтарын тазалауға көмектесу;<br>7) село аумағын күзгі санитарлық тазартуға қатысу;<br>8) күзгі ағаш отырғызуға қатысу. | 1 6 8<br>7 0 4<br>336 | | | |
| | | 4. Қызметкердің алдын-ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Ақшығанак селосындағы жұмыстар:<br>1) селодағы орталық алаңның, әкімдіктің және негізгі жолдардың аумақтарын үнемі қардан тазартуға көмектесу;<br>2) село аумағын көктемгі санитарлық тазарту;<br>3) көктемгі ағаш отырғызуға қатысу;<br>4) село көшелерінде отырғызылған ағаштарды жаз кезеңінде күту, суару;<br>5) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін тазалауға (ақтау, сырлау) | 2 7 8 4<br>3 5 2<br>3 5 2<br>2 0 3 2<br>1 7 6<br>3 3 6<br>7 0 4 | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | көмектесу;<br>6) ауыз су құдықтарын тазалауға көмектесу;<br>7) село аумағын күзгі санитарлық тазартуға қатысу;<br>8) күзгі ағаш отырғызуға қатысу. | 336 | | |
| | | 5. Қызметкердің алдын-ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Аралбай селосындағы жұмыстар:<br>1) селодағы орталық алаңның, әкімдіктің және негізгі жолдардың аумақтарын үнемі қардан тазартуға көмектесу;<br>2) село аумағын көктемгі санитарлық тазарту;<br>3) көктемгі ағаш отырғызуға қатысу;<br>4) саябақтарда отырғызылған ағаштарды жаз кезеңінде күту, суару;<br>5) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін тазалауға (ақтау, сырлау) көмектесу;<br>6) ауыз су құдықтарын тазартуға көмектесу;<br>7) село аумағын күзгі санитарлық | 1392<br>352<br>352<br>2032<br>176<br>336<br>704<br>336 | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тазартуға қатысу;<br>8) күзгі ағаш отырғызуға қатысу. | | | |
| | | 6. Қызметкердің алдын-ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Көкалат селосындағы жұмыстар:<br>1) селодағы орталық алаңның, әкімдіктің және негізгі жолдардың аумақтарын үнемі қардан тазартуға көмектесу;<br>2) село аумағын көктемгі санитарлық тазарту;<br>3) көктемгі ағаштарды отырғызуға қатысу;<br>4) Қ. Сейтқұл және А. Нұрманов көшелерінде отырғызылған ағаштарды жаз кезеңінде күту, суару;<br>5) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін тазалауға (ақтау, сырлау) көмектесу;<br>6) село аумағын күзгі санитарлық тазартуға қатысу;<br>7) күзгі ағаш отырғызуға қатысу. | 1392<br>352<br>176<br>1016<br>176<br>352<br>168 | | |
| | | 7. Қызметкердің алдын-ала кәсіптік | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | даярлаудан өтуін талап етпейтін Бидайық селосындағы жұмыстар:<br>1) селодағы орталық алаңның, әкімдіктің және негізгі жолдардың аумақтарын үнемі қардан тазартуға көмектесу;<br>2) село аумағын көктемгі санитарлық тазарту;<br>3) көктемгі ағаш отырғызуға қатысу;<br>4) село көшелерінде отырғызылған ағаштарды жаз кезеңінде күту, суару;<br>5) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін тазалауға (ақтау, сырлау) көмектесу;<br>6) село аумағын күзгі санитарлық тазартуға қатысу;<br>7) күзгі ағаш отырғызуға қатысу. | 9 2 8<br>1 7 6<br>1 7 6<br>1 0 1 6<br>1 7 6<br>3 5 2<br>168 | | | |
| | | 8. Қызметкердің алдын-ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Тауіш селосындағы жұмыстар:<br>1) селодағы орталық алаңның, әкімдіктің және негізгі жолдардың | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | аумақтарын үнемі қардан тазартуға көмектесу;<br>2) село аумағын көктемгі санитарлық тазарту;<br>3) көктемгі ағаш отырғызуға қатысу;<br>4) село көшелерінде отырғызылған ағаштарды жаз кезеңінде күту, суару;<br>5) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін тазалауға (ақтау, сырлау) көмектесу;<br>6) село аумағын күзгі санитарлық тазартуға қатысу;<br>7) күзгі ағаш отырғызуға қатысу. | 2 8 7 4<br>5 2 8<br>3 5 2<br>2 0 3 2<br>3 5 2<br>7 0 4<br>336 | | | |
| | | 9. Қызметкердің алдын-ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Қарасу селосындағы жұмыстар:<br>1) селодағы орталық алаңның, әкімдіктің және негізгі жолдардың аумақтарын үнемі қардан тазартуға көмектесу;<br>2) село аумағын көктемгі санитарлық тазарту;<br>3) көктемгі ағаш отырғызуға көмектесу; | 2 3 2 0<br>3 5 2<br>3 5 2 | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 4) село көшелерінде отырғызылған ағаштарды жаз кезеңінде күту, суару;<br>5) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін тазалауға (ақтау, сырлау) көмектесу;<br>6) село аумағын күзгі санитарлық тазартуға қатысу;<br>7) күзгі ағаш отырғызуға қатысу. | 2032<br>176<br>704<br>168 | | |
| | | 10. Қызметкердің алдын-ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Қалам-Қарасу селосындағы жұмыстар:<br>1) селодағы орталық алаңның, әкімдіктің және негізгі жолдардың аумақтарын үнемі қардан тазартуға көмектесу;<br>2) село аумағын көктемгі санитарлық тазарту;<br>3) көктемгі ағаш отырғызуға қатысу;<br>4) село көшелерінде отырғызылған ағаштарды жаз кезеңінде күту, суару;<br>5) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің | 928<br>352<br>176<br>1016<br>176<br>704 | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ескерткіштерін тазалауға (ақтау, сырлау) көмектесу;<br>6) село аумағын күзгі санитарлық тазартуға қатысу;<br>7) күзгі ағаш отырғызуға қатысу. | 168 | | | |
| | | 11. Қызметкердің алдын-ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Қызбел селосындағы жұмыстар:<br>1) селодағы орталық алаңның, әкімдіктің және негізгі жолдардың аумақтарын үнемі қардан тазартуға көмектесу;<br>2) село аумағын көктемгі санитарлық тазарту;<br>3) көктемгі ағаш отырғызуға қатысу;<br>4) село көшелерінде отырғызылған ағаштарды жаз кезеңінде күту, суару;<br>5) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін тазалауға (ақтау, сырлау) көмектесу;<br>6) село аумағын күзгі санитарлық тазартуға көмектесу; | 2 3 2 0<br>3 5 2<br>3 5 2<br>2 0 3 2<br>1 7 6<br>7 0 4<br>336 | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 7) күзгі ағаш отырғызуға қатысу. | | | |
| | | 12. Қызметкердің алдын-ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Милісай селосындағы жұмыстар:<br>1) селодағы орталық алаңның, әкімдіктің және негізгі жолдардың аумақтарын үнемі қардан тазартуға көмектесу;<br>2) село аумағын көктемгі санитарлық тазарту;<br>3) көктемгі ағаш отырғызуға қатысу;<br>4) село көшелерінде отырғызылған ағаштарды жаз кезеңінде күту, суару;<br>5) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін тазалауға (ақтау, сырлау) көмектесу;<br>6) село аумағын күзгі санитарлық тазартуға қатысу;<br>7) күзгі ағаш отырғызуға қатысу. | 1392<br>352<br>176<br>2032<br>176<br>1056<br>336 | | |
| | | 13. Қызметкердің алдын-ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Сужарған селосындағы | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жұмыстар:<br>1) селодағы орталық алаңның, әкімдіктің және негізгі жолдардың аумақтарын үнемі қардан тазартуға көмектесу;<br>2) село аумағын көктемгі санитарлық тазарту;<br>3) көктемгі ағаш отырғызуға қатысу;<br>4) село көшелерінде отырғызылған ағаштарды жаз кезеңінде күту, суару;<br>5) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін тазалауға (ақтау, сырлау) көмектесу;<br>6) село аумағын күзгі санитарлық тазартуға қатысу;<br>7) күзгі ағаш отырғызуға қатысу. | 1856<br>352<br>352<br>2032<br>176<br>704<br>336 | | |
| | | 14. Қызметкердің алдын-ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейтін Шилі селосындағы жұмыстар:<br>1) селодағы орталық алаңның, әкімдіктің және негізгі жолдардың аумақтарын үнемі қардан тазартуға көмектесу;<br>2) село аумағын көктемгі | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | санитарлық тазарту;<br>3) көктемгі ағаш отырғызуға көмектесу;<br>4) село көшелерінде отырғызылған ағаштарды жаз кезеңінде күту, суару;<br>5) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерткіштерін тазалауға (ақтау, сырлау) көмектесу;<br>6) ауыз су құдықтарын тазартуға көмектесу;<br>7) күзгі ағаш отырғызуға көмектесу;<br>8) село аумағын күзгі санитарлық тазартуға көмектесу. | 1392<br>352<br>176<br>1016<br>176<br>168<br>168<br>704 | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК